

Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Саран қаласының жерлеріне салықты есептеу үшін базалық ставканы ұлғайту мақсатында автотұрақтардың (паркингтердің) санаттарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Саран қаласы мәслихатының 41 сессиясының 2011 жылғы 10 қарашадағы N 646 шешімі. Қарағанды облысы Саран қаласының Әділет басқармасында 2011 жылғы 13 желтоқсанда N 8-7-127 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 2018 жылғы 17 мамырдағы № 279 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Саран қалалық мәслихатының 17.05.2018 № 279 (алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 386 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Занына сәйкес, Саран қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Саран қаласының жерлеріне салықты есептеу үшін базалық ставканы ұлғайту мөлшері және автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

В. Закамолкин

Мәслихат хатшысы

Р. Бекбанов

Саран қалалық мәслихатының
2011 жылғы 10 қарашадағы
41 сессиясының N 646 шешіміне
қосымша

Автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Саран қаласының жерлеріне салықты есептеу үшін ұлғайған базалық ставка мөлшерін ескерумен автотұрақтардың (паркингтердің) санаттары

			Тұрғын үй қоры, соның ішінде оның іргесіндегі құрылыстар	Ұлғайтатын мөлшерін есепке ала отырып (теңге),
--	--	--	--	--

N	Автотұрақтардың (паркингтің) типтері	Автотұрақтардың (паркингтің) санаты	мен ғимараттар алып жатқан жерлерді қоспағанда, Саран қаласының жерлеріне бір шаршы метр үшін салынатын базалық салық ставкалары (теңге)	Базалық ставканың ұлғайту мөлшері	автотұрақтар (паркингтер) үшін бөлінген Саран қаласының жерлеріне базалық салық ставкасы
1	Ашық, жабық түрдегі автотұрақтар	1	8,2	10	82
2	Басқа мақсаттағы ғимараттарға қосылып салынған автотұрақтар, басқа мақсаттағы ғимараттарға жапсарлас салынған автотұрақтар	2	8,2	9	73,8
3	Ғимараттардың астында, жертөлелерде, үй қабырғасының төменгі бөліктерінде немесе астыңғы қабаттарында орналасқан автотұрақтар	3	8,2	8	65,6